

АҚМЕШТ жастары

6+

Газет 2013 жылғы қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 28 (409)
15 шілде, 2021 жыл

ҚОШКЕ КЕМЕНГЕРҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Мөлдір ЖАНБЫРБАЙ:

ЖАПОНИЯДА ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРУҒА КҮШ САЛАМЫН



23 шілдеде Жапонияда жазғы Олимпиада ойындарының жалауы желбірейді. Байрақты бөсекеде ел спортшылары 96 жолдамаға ие болғаны белгілі. Былғы алдамның басты жаңалығы, қаратә спортты дүбірлі доғаға енді. Бұл жерлесіміз Мөлдір Жанбырбай үшін үлкен олаққа айналды. Мөлдір мұндай мүмкіндікті мүлтік жібермей, маусымда Париж қаласында табысты өнер көрсетіп, Жапония жолдамасын жеңіп алған-ды. Ертен спортшылар байрақты бөсекеде ел намысын қорғау үшін арнайы рейспен Токиоға бағыт алады. Сапар алдында Мөлдірмен жедел сұхбат ұйымдастырған өдік.

– Мөлдір, Олимпиада ойындарының басталуына санаулы күндер қалды. Байрақты бөсекеде бақ сынайтын саялақтың бірі – есің. Жалпы Жапонияда жолдама алу қаншалықты қиын болды?

– Ең алдымен қаратәнің Олимпиада ойындарына енгенін естіп күндіз. Өйткені қаратәге қиынырақ уақытты арнап, құрлықты жарыстарға қатысумен ғана шектелген мықты спортшылар болды. Токио бұрын-соңды қаратәшілердің арманы болған мүмкіндікті сыйлады. Бұны осыған дейін өткен Олимпиада ойындарынан бірден бір ерекшелік десек болады. Шұғылданғын жатқан

спорт түрі Олимпиада ойындарында болса, спортшылар үшін үлкен стимул болатыны анық. Ал қаратә жетілдірудің басты додасына енгеннен кейін жолдама алуын да қиындағы артты. Негізгі 5 салмақта 3 салмаққа қысқартты. Яғни бұрын 50 келі салмақта өнер көрсетсем, соңғы жағдайларға байланысты 55 келіге көшті. Спортшыларға әрбіреуіне қаратәмен айналысушылар үшін салмақ қосу қиын шаруа. Өйткені бұл спорт түрі қиымал қозғалысты қатты қажет етеді. Сондықтан маусым айында Парижде өткен халықаралық додада өзмінен бір саты жоғары спортшылармен сынаға түсіп, жолдамаға иелік еттім. Же-

Ерасыл ШӘРІБЕК

ке балкерім болып, үлкен спортқа жол ашқан марқұм Рүстем Абжамиев ағайым Олимпиадада жолдама алған сәтін көре алмай кеткенін өкінішті.

– Токио төріндегі тайталаста сыңға түсетін 55 келі салмақ дәрежесінде жүздеген бөсеке-келесті қалай?

– Бөсеке-келесті өте жоғары. Әлем бойынша 10 гана спортшы Олимпиада жолдамасына ие болды. Сол ондық жүзде үшін талап жүргізетін болады. Атап айтсам, Ангелика Терлога (Украина), Серпел Озгелик (Түркия), Тэй-Юн Бен (Тайвань), Сара Бахманьяр (Иран), Михо Михара (Жапония), Иба Горанова (Болгария), Анна Чернышева (Ресей), Радава Сайд (Египет), Беттина Гланк (Австрия) секілді спортшылар – Токиодағы қарсыластарым. Барлығы бір-бірін жақсы біледі. Бір ғана мүмкіндіктен мүлтік кетсең, қателікті көшірмейтін қаратәшілер. Сондықтан байлықты қадам жасап, татамиде сауатты болу керек. Елге сүйінші хабармен аралау барымды саламын.

– Олимпиада ойынының дайындық жұмыстары қалай өтуде?

– Алматыдағы AIBA Олимпиадалық орталығында соңғы дайындық жолымызда пысықтап жатырмыз. Күнделікті ең мезгіл жаттығу жасаймыз. Техникадан бөлек, физикалық жаттығуларға да көңіл бөлеміз. Сонымен қатар мұндағы бірі бөсекеде психологиялық дәрістер аса қажет. Сондықтан тексерілетін психологтар да жаттығуға қатысып, құл ұшын беруде. Ескі жаратқандарды емдеп, 100 пайыз дайын болуға құл салып жатырмыз.

– Спортшылар үшін климат ауыстыру басты мәселе. Араптастық жұмыстары қалай жүргізіледі?

– Өміне, ер елдің климаты әртүрлі. Елімізде Олимпиадалық комитет осы мәселені шешу үшін ертерек қамданғанды құл көрді. Құдай сәтін салса, қаратәрей рейспен Токиоға аттанамыз. 5 тамызда жарыс алаңына көтерілемін. Сол уақытта дейін оқу-жаттығу жиынын сол жерге жалғастырамын. Еңі атпа ішінде Жапонияға бейімделіп кетеміз деп ойлаймын.

– Өңірімізге рақмет. «Ақме-шіт жастары» басылымның төрт жылдықтың басты додасында табысты өнер көрсетуді тілеспіз.

– Рақмет. Ел мерейін асыруға бар күшімді саламын.

STOP: COVID

КОРОНАВИРУС КҮШЕЙІП КЕЛЕДІ

COVID-19 ахуалы қайта өршіді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, біздің елдегі қазіргі жағдай мез емес. 13 шілде күнгі көрсеткіші бойынша елімізде 4375 адам коронавирус жұқтырған. Нұр-Сұттан қаласында – 1128, Алматыда – 640, Шымкент қаласында – 342, Қызылордада – 70. Жаңадан дерттің 56 ошағы тіркелген. 14 жағдайда вирус қарым-қатынас арқылы тараған.

Гүлбану МАҚАЖАН

Дер кезінде емделіп жатқандар бар. Дегенмен сақтық жасап, өлпе сапдыруға салықт қарап жүргендер де жетерлік. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) бас директоры Тедрос Гебрейесус бай елдерді вакцинация кедей елдермен бөлісуге шақырды: «Еуропалық Одақ елдері вакцинацияны жеделдету үшін бәрін жасауы керек. 10 аптадан бері азияға өлім көрсетіліп кайта өсуде. Бізге өлемнің барлық қаласынан ауруханалардың қайтадан толып жатқаны туралы хабар түседі. Вирустың Delta нұсқасы жұқтыру жағдайы мен өлім санының өршуіне әкелуде. Delta штамы қазіргі кезде өлемнің 104 елінде анықталған», – деді ол. Аймақтарыдағы мамандар коронавирус ин-фекциясын жеңу үшін вакциналаудың қажет екенін айтады. «Вакцина тиімділігі 50 пайыз болса да, адам өз өмірін сақтап қалуға бас тартпауы керек.

Екпеннің көмегімен ауыр асқынулардың, мүгедек-тікке ұшыраудың, тіпті өлімнің алдын алуға бола-ды. Халықты толық вакциналау нәтижесінде «ұжымдық иммунитет» қалыптасады, ауруды тасымалдау деңгейі төмендейді. Егер ұжымдық иммунитет қалыптастыру үшін жалпы вакцина сапдырасақ, әрқайсымыздың Covid-19 пандемиясын тоқтатуға үлес қосады болар еді. Сонымен қатар алдын алу шараларын да ұмт-паған дұрыс: маска кию, арақашықтықты сақтау, адам көп жиналатын орындарға бармау немесе мүмкіндігінше шектеу, жеке гигиена шараларын, жетел әкіметін сақтау өте өзекті», – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау де-партаменті басшысының орынбасары Әлія Әбдіжайымова.

Бүгінгі күні облыста 3579 адам еке сапдырған. 795 мұнан аса тұрғыны бар аймағымыз үшін бұл – аз көрсеткіш.



Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Қошке Кемегерұлы 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі территориялық бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезінің жерінде дүниеге келген. Ата-бабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған екен. Бұл туралы «Қошке Кемегерұлы» атты үш томдық шығармалар жинағында толық мәлімет берілген. Кемегерұлы Дүйсебай, Дүйсебай атты екі ұл тарайды. Сол Дүйсебайдың Қошмұхамбеті ер жетіп, қалам ұстағанда жазғандарына «Қошке Кемегерұлы» деп қол қояды. Ата атын қадірлеген ұл орыстың «қоя» жалғауына жоланбай, «құлы» деген қосымшасын құл көрген.

Қошкенің әкесі Дүйсебай ерте жастан діл жолын ұстаған, бойдақ күнінде-ақ Меккеге барып, қажы атанған кісі екен. Қасиетті Меккеге барарда ол Ағытайдың бөседі мырзасы Қартабаймен сапарлас болады. Жас Дүйсебайдың болымыс Қартабайдың көңілінен шығып, елге келгенде оған Жәмила есімді қызын өз қолымен ұзатады. Алаш қайраткері Қошке осындай көзі ашық, дәулетті отбасында тәрбие алып, ер жетеді. Бала оқытуды мұсылмандық парыз деп түсінген Дүйсебай ұл-қызын түгел молла, мұғалімге беріп, хат танытады. Балапанының арабшамен қатар, орыс тілін үйренуіне де күш салады.

Қошкетанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Дихан Қазыбақыұлының мақаласында басы жазылғандай, Қошке Қысқатөгі Қаржаста Белгібай молданың алдынан оқып, арабша тіл сындырғаннан кейін әкесі оны Омбы приход школына берген. Мұнан кейін әкесі Қошкені Омбыдағы ветеринарлық-фельдшерлік школаға түсіреді. Арнаулы оқу орыны болғандықтан мұнда Қошке зоотехника, медицина негіздері бойынша білім алады. Школдың екінші класын бітірген соң, Омбы ауыл шаруашылық училищесіне қабылданады. Сол тұста Омбы шаһарында оқыған қазақ жастары бірігіп, 1915 жылы «Бірлік» атты ұйым құрады. Оның «Балапан» атты қолжазба журналына Қ.Кемегерұлы редакторлық етеді. 1917-1918 жылдардағы саяси оқиғалар кезінде Алаш зиялылары мәмілегерлік тіл жолын іздейді.

Құбылмалы саясат Қошкені де айналып өтпейді. 1917 жылдың аяғында Қошмұхамбет Кемегерұлы Дінше Әділұлы ертіп, Ақмола облыстық қазақ комитеті атынан Ақмола қаласына келіп, уездік қазақ комитетін ашады. Оның төрағасына Сәкен Сейфоллаұлы сайланып, қазақ комитетінің кейбір заманғын қатал тұсында халықты аман сақтап қалудың жолын іздейді. Қошке Ақмолада жүргенде Сәкен ұйықты болған «Жас қазақ» ұйымының да жұмысына қатысады. Алайда облыстық қазақ комитеті мен уездік комитет арасындағы кейбір келіспеушіліктерден кейін әрі «Жас қазақ» басшылары Алаш Ордадан бойын аулақ салған соң Қошке Омбыға қайтады. 1917 жылдың күз, қыс айларында Қ.Кемегерұлы Омбыда Ақмола облыстық Алаш партиясының комитетін ашуды қарастырып, өз сол комитеттің мүшесі болады. Арада ұзақ уақыт өтпей облыстың бас уезінде Алаш комитеті ашылады.

Қошке ауыл шаруашылығы училищесін бітірген соң, Омбыда жас алашшылар құрған «Жас азамат» алқасына кіреді. Осы ұйымның Қызылорда қаласында шығып тұрған

Алаш қайраткерінің есімі кейбір материалдарда «Қошмұхамбет», «Қошмұхамет», орысша құжаттарда – «Хошмұхамед», деп көрсетілген. Бірақ қазақ жиялығы «Қошке» есімімен көпке мәлім. Быыл Қошке Кемегерұлының туғанына – 125 жыл. Осы тұста қазақ әдебиетіне, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына өлшеусіз үлес қосқан тұлға жайлы тереңірек білу үшін тарихқа үңіледі.

басылым – «Жас азамат» газетіне редактор болады. Жастарды бірлікке үндеп, қазақтың жоғын жоқтатқан газет большевиктердің әділетсіз әрекеттерін жұртқа жария етеді.

Енді тарихи тұлғаның драматургтік ізденісіне тоқтасақ. Бұл жайында Д.Қазыбақыұлы былай деп жазады: «Қызылорда қаласында Қошкенің драматургтік қабілеті де ұштала түсті. Осыған дейін «Әулие тәулі» секілді пьесасын сахналатып үлгерген Қ.Кемегерұлы енді бұл саладағы шығармаларының тақырыбын кеңейтті. Оның қалымынан 1919-1920 жылы «Қасқырлар мен қойлар», «Бостандық жемісі» атты екі пьеса дүниеге келді. Бұл екеуі де Қызылордадағы қалалық бақтын сахнасында қойылды. Ж.Жанғонаков 1916 жыл оқиғасы туралы «Қасқырлар мен қойлар» пьесасында өзі – урядник рөлін, ал кейін жазушы болған Сәбит Мұқанов – болыстың шабарманы рөлін ойнағанын жазады».

1924 жылы ұлтқа қызмет ету мақсатымен Түркістан республикасының орталығы Ташкентке қоныс аударған Қошке Әлихан, Ахмет, Міржақыптармен тығыз қарым-қатынас орнатады. Омбыдан келісімен «Ақ жол» газетінде қызмет жасап, ғылыми-танымдық «Сана» журналының бірер санына редакторлық етеді. Осы қалада Қошке мен Гүлсімнің Зейра, Наркызбет, Сәуле есімді үш перзенті дүниеге келеді.

Бірақ 1930 жылғы жалған айып Қошкенің отбасын есенгеріп тастаған еді. Сол жылы қазан айында Қошке Кемегерұлы «Кенес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы» деген жазамен Алматы абақтысына айдалады. Бұл жерде екі жылдай уақыт отырған оны «Отанын сатты» деген айыппен ұсталған мезгілде қоса есептегенде басы жаса баста бастады айналып, Украинаның Валулки қаласына жер аударды. Бұл жерде қаламгер темір жол жүйесінде дәрігер болып қызмет етеді. Тарихта жер аударылған жолдасын іздеп барған ержүрек жұбайлар төзімді Қошкенің өлеңі Гүлсім де НКВД-ға өтініш білдіріп, жанына балаларын ертіп, Украинаға аттанады. Зейра Қошкенің қызы есіпкертінде әкесі 1937 жылдың ортасында Ташкентте бастап жазған қазақ зиялылары туралы романды аяқтап, өңбегін Алматы баспасына жеткізудің жолын қарастырған. Өтпеген-айы, кітап қолжазба күйінде НБҚД қолына түскен.

1937 жыл. Бұл жыл жайлы қошкетанушы Дихан Қазыбақыұлының өңбегінде мынадай жағдай баяндалған: «Марқұл Гүлсім ана айтады екен: Қошке ұсталардан біраз бұрын түс көрді. Түсінде бір ақсақал оған қараңғы үйді көрсетті, «енді тұрағын осы» депті. Қараңғы үйге кіргенде үш терезе көрінді. Сөйтсе тұра тығым қараңғылық мұны құла беріпті, кітап беріпті. Артынша өзіне түс жұрып айтты: «Гүлсімжан, жаманшылық келе жатыр ма дегім. Жүрек шіркін осы сенгеңдей. Балаңның ақ қаның болшы» депті. Көңілі нағары бұған соң жазушы қайта ұсталып, 1937 жылы 17 қарашада бағиға аттанады.

Зия... Қазақ қоюлана түскен айдың жарығын осылай айтады. Алашқа аянбай қымет еткен Қошке Кемегерұлының да ұлт зиялысы атануы бекер емес. Ол қараңғы түнде қазаққа сәуле түсіріп, көл көрсеткен қайтапаласа тұлға еді.

ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен жастар ісі жөніндегі кеңестің алғашқы отырысы өтті. Жылғы облыс әкімінің орынбасары мен селекторлық байланыс арқылы аудан әкімдері, белсенді жастар қатысты.

Облыс әкімі жастар саясатын жүзеге асыруда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді қолдану қажеттігін атап өтіп, бұл орайда жастардың әлеуеті жоғары екенін тілге тиек етті.

Отырыста облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қажоқова ҚР жастарын қолдау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылу барысын баяндады. Бүгінде аймақта 14 пен 28 жас аралығында 176 300 жас тұрады, бұл тұрғындардың жалпы санының 21,6 пайызы. Олардың ішінде жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайыз, NEET санатындағы жастар 8,3 пайыз. Жылда жастар үшін өзекті мәселелердің қатарында тұрғын үймен қамтамасыз ету жайы айтылды, жастардың көпшілігі «Орда» аймақтық тұрғын үй бағдарламасының қайта іске асырылуы қолдайтындықтан «Отбасы бағдарламасы» бірлесіп істейтін тұрғын үй бағдарламасын іске асыру ұсынылды.

Бірінші жартыжылдықта өңірде жастардың қатысумен 6347 іс-шара өткізілген, олардың басым бөлігі қайырымдылық іс-шаралары. Жыл басынан бері жастардың бірлесуімен 6287 ақ қамтылған отбасы азық-түлік жиынтықтарын, киім-кешек пен тұрмыстық заттар алған. 31 отбасына балаларды оқыту үшін компьютер берілді. Сондай-ақ 500-ден астам ерікті жас пен «Жасыл ел» сарбаздары қуаныштықтарын аудардыра мал азығын дайындауға атсалысты.

Гүлшара Әбдіқалықова мал азығын дайындау жұмыстарына жастар өкілдерін, волонтерлерді, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының сарбаздарының жұмылдыруы ісін қиындауы тапсырды. Мұнан бөлек, жастарды жалпай епке алуға белсенді түрде шақыру қажетті қалғерге салды. Ал облыстық статистика департаменті мен ішкі саясат басқармасының басшыларына ұлттық халық санағын жүргізу жұмыстарына волонтер жастардың қатысуы белсенділігін арттыруды жүктелді.

Отырыста облыс әкімі еңбек нарығына қажетті кадр даярлау бағытында Ресейде білім алатын студенттерді жұмысқа тарту мәселесін көтерді. Соның аясында бірқатар басқарма басшыларына Ресей Федерациясында білім алып келген түлектерді жұмысқа орналастыруда бос орындар қарастыру қажетін алға тартып, 3 күн мерзім ішінде «Бтіруші түлектерді жұмыспен қамтудың Жол картасын» әзірлеп, бекітуге енгізуді тапсырды. Сонымен бірге жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген жастарды тиімді жұмыспен қамту мақсатында басқарма басшыларына техникалық, кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарының мамандықтары бөлінісіне талдау жүргізіп, еңбек нарығына қажетті мамандықтар тізбесін қайта жасақтауды назарға салды.

Жылдағы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова «Дипломмен – ауылға», «Жасыл ел», «Еңбек» бағдарламалары мен «Жас кәсіпкер» және «Жас маман» жобаларының тиімділігін атап өтті. Есепті кезеңде 6127 жас, оның ішінде 3694 ауыл тұрғыны «Еңбек» бағдарламасына қатысуға ниет білдіріп, бағдарлама аясында 5923 адам жұмысқа орналасты. 12 адам қысқа мерзімді курстардан өтіп, 572 адам кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуға өтті. Одан бөлек 92 адам несиесі алды, оның 69-ы өз ісін бастады. 380 жас бизнесті дамытуға грант алды, 2314 адам бос жұмыс орындарына орналасты, 259 адам әлеуметтік жұмысқа жолданды.

Жыл басынан бері 980 азамат жастар практикасынан өтіп, 2370 адам қоғамдық жұмысқа орналасты. Сонымен қатар өңірде «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар сабақтастығы» жобалары іске асырылуда, соның аясында 111 жас мамандық жұмысқа орналастыру жоспарлануда.

Кешенді жұмыстарды саралаған облыс әкімі басқарма басшысы Гаухар

Қалмақоваға ішкі саясат басқармасы мен Қызылорда қаласы аудандық әкімдерімен бірлесіп, жастарды, оның ішінде ауылдық жерлерден және NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру бағытында тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Отырыста облыстық полиция департаментінің бастығы Бауыржан Ибраев жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Мәселен, өңірде тұрақты негізде «Жасөспірім – Зан – Қауіпсіздік», «Жасөспірім» және көше, «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Кездері» және т.б. іс-шаралар өткізіліп, көмектете толмағандарға темекі өнімдері мен алкогольді сатушылар, өз міндеттерін орындамайтын ата-анаға жауапкершілікке тартылады. Нәтижесінде есепті кезеңде жастар қылмысының деңгейі 33,9 пайызға төмендеді.

Мұнан кейін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов сөз алып, облыс орталығында мәмілеттік жастар саясатын жүзеге асыру және маргинал жастармен жұмыс барысын баяндады. Бүгінде қала тұрғындарының 19,5 пайызын жастар құрайды, яғни саны 63 204-ке жетті. Оның ішінде 24 544-і жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенті.

Сынып қалада жастарға бағытталған 7 әлеуметтік жоба іске асырылуда. 8000 жас қамтылып отыр.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыс мекемелерінің басшыларына жастармен, оның ішінде NEET санатындағы жастармен жұмысты жандандырып, сондай-ақ жастар үшін бүгінгі таңда ең өзекті мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын ұсынуды тапсырды. Сондай-ақ облыс әкімі қыркүйек айында онлайн форматта жастармен кеңестірілген кезеңде жастарды ұйымдастырып, жастар үшін өзекті мәселелерді айқындауға мүмкіндік беретін ашық алаң қалыптастыру қажетін еске салды.

Арал ауданының қуаныштық жағдайы Сыр жастарын да алаңдатып отыр. Аталмыш аудандағы су тапшылығы тұрғындардың ата кәсібінің құлдырауына өкпе соғуда. Осы ретте, аймақ жастары аралдық жерлеріне гуманитарлық көмек көрсету мақсатында Облыстық жастар ресурстық орталығы жариялаған «Жастардан жәрдем» атты акцияға үн қосуда.



КЕРУЕН ЖОЛҒА ШЫҒАДЫ

Күні кеше облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері, «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары, Жас Отан жастар қанатының еріктілері, «Аймешіт апталығы» газетінің журналистері, облыстық «Волонтерлық фронт-офисінің» еріктілері қала шетіндегі өгістік алабына барып, шөп орып, Арал ауданына жолданатын жем-шөп көруіне үлес қосты. Сонымен қатар аймаққа қарасты аудан әкімшіліктері, ондағы «Жастар ресурстық орталықтарының» қызметкерлері, үкіметтік емес ұйым мүшелері, еріктілер аталмыш ит шарға атсалысуда.

Апта соңына қарай жастар мен еріктілердің еңбегімен және кәсіпкерлер мен меценаттардың қолдауымен жинақталған жем-шөп, мал азығы «Жастардан жәрдем» атты керуен болып, Арал ауданына жолға шығады.

Осы орайда Облыстық жастар ресурстық орталығының ұқымы барша аймақ жастары мен еріктілерге және журналистерге қайырымдылық әрекеттері үшін алғыс білдіреді және гуманитарлық көмек керуіне үлес есебіндегі мал азығының әлі де жинақталып жатқанын хабарлайды.

ТҰРМАҒАМБЕТТІКТЕР ДЕ ШӨП ОРУҒА КІРІСТІ

Қармақты ауданы Тұрмағамбет ауылының жастары шөп оқу жұмысында белсенділік танытуда.



Өңіріміздің қуаныштық жағдайына байланысты ауылдық елді мекендердегі мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары мен шаруаларға мал азығын дайындау үшін шөп оқу жұмыстарына жастар тартылды. Осы ретте ауылдық елді мекендерде ұйымдастырылған жастар бригадалары мал азығын дайындау ісіне белсенділік танытты. Соның

ішінде бүгінгі таңда Тұрмағамбет ауылының байланысты мал азығын дайындау, шөп оқу жұмыстарына үлес қосып жатыр.

Ауылдық елді мекендердегі жастар техникаһның көлемі сыймайтын шағын жерлердегі шөпті орып, бар жұмысты қол күшімен атқаруда. Ал аудандағы ірі шаруашылықтар шөбіндықты техникамен оқуға кірісті.

ШАХМАТ ТҰРНИРЫ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай және 23 шілде – дүниежүзілік шахматшылар күні қарсаңында Облыстық жастар ресурстық орталығы және «Чемпион» шахмат клубының ұйымдастыруымен оқушылар арасында шахматтан қалалық турнир өтті.

30-ға жуық оқушы қатысқан турнирде шахматтың жігілгін шағып, майын ішкен тәжірибелі мамандар жас спортшылардың аяқ алысы жаман емес екенін және жақсы дайындықпен келгенін айтты. Тұтастай алғанда, ойындар өте қызықты өтті. Жас шахматшылар өзінің жарысқа қатысуы кездесік еместігін дәлелдеуге тырысып, небір тамаша ойын комбинацияларын қолданды.

Жарыс қорытындысы бойынша, барлық қатысушыларға арнайы алғыс хат табысталып, жеңімпаздар дипломдармен және медальдармен марапатталды. Сонымен қатар жеңіске жеткен оқушыларға қалалық спорт бөлімінің тағайындауымен спорттық атақ берілді.



ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ЖАУЫНГЕРІНІҢ СҮЙЕГІ ТУҒАН ЖЕРІНЕ ЖЕРЛЕНДІ

Қызылорда облысының Арал ауданында 1942 жылы майданға аттанып, 1943 жылы сұрапыл шайқастардың бірінде қаза тапқан ұлы Отан соғысының жауынгері Емберген Асайынның сүйегін қайта жерлеу рәсімі өтті.



Сарбаздың сүйегі Ресей Федерациясының Омск қаласынан Павлодарға, әрі қарай Қызылорда облысы Арал станциясына темір жол көлігімен жеткізілді. Ағайын-туыстарына хабарланғаннан кейін, барлық әскери рәсімді сақтай отырып, сарбаздың сүйегі жері бойынша тапсырылды.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына байланысты әр жерде іздеуші топтар қарқынды жұмыс жасауда. Соғыс жылдарында хабарсыз кеткен біраз майдангердің деректі анықталып жатыр. Ресей елінен «ОПОР» Челябинск – Санкт-Петербург іздеу орталығы жұмысының нәтижесінде тағы бір жауынгердің деректі анықталды.

2019 жылдың қараша айында Ресей Федерациясы Ленинград облысы Киров ауданы маңынан соғыс кезінде оққа ұшқан үш жауынгердің мүрdesі табылған. Солардың бірі 327-ші атқыштар дивизиясында қызмет еткен сарбаздың мойнындағы сараланды өткізу арқылы белгілі болған Арал ауданының тумасы – Емберген Асайын.

Соңғы кездері қазақстандық сарбаздардың сүйектерін іздеуізде және туған-туыстарына жеткізіп беруде «Майдан жолы» Павлодар іздеу-зерттеу жасағы мен Ресей елінен «ОПОР» Челябинск – Санкт-Петербург іздеу орталығының көмегін ерекше атап өткен жөн.

– Өкем 63 жасына дейін әкесінің сүйегін жерлеп кетуді армандап, өмірден озды. Міне, сол атамның сүйегін елге әкеліп жерлерісі келген өкеміңмен арманым маған бұйырды. Бүгін марқұм өкеміңнің арманы орындалды. Біз аултымызбен бұл іске өте қуаныштымыз және ризамыз, – деп Емберген Асайынның немересі Серік Емберген әскери қызметшілер мен іздеуші тобына алғыс білдірді.

Мұхит ҚОНАРОВ,
Қызылорда гарнизоны баспасөз
қызметінің бастығы,
лейтенант

ЖАМАНДЫҚҚА ЖӘРДЕМШІ БОЛМА!

Сан ғасырдан бері қаймағы бұзылмаған қазақтың бала төрбесінен қазір қандай олқылық кетті? Кім қай жерде қателесті? Бүгінгінің балалары неге қылмысқа бейім?

Дәл осы сұраққа келгенде шегі жоқ жауаптар айтармыз анық. Оның бірі, қазіргі мүмкіндігі мол ғаламтор, екіншісі, бала төрбесімен айналысатын ата-ананы шығармаған күйбеңтірілік тағысыз тағы бар. Із, сұрақ біреу, жауап көп. Осы сұрақтың жауабын тауып, кем-кетіктің орнын тоқтыру үшін қаншама білім беру орындары, тіпті арнайы мамандар да түрлі бағытта жұмыстар атқарып жатыр. Нәтиже жоқ емес бар, десе де тынышар емес. Негізгі тағы да шегі жоқ жауаптар.

Бейнесі олаймын, біз осы баспасөз құралдарында болса, мүмкіндігі мол интернет желісіндегі әлеуметтік парашаларда болса, көз көрген әсеріне жеткен қызылордалық оқушыларды жарыса жазып, ел арасында шектен тыс гүлдетпейміз бе деп. Біреуді қаралауға немесе біреудің жағымсыз жаңалығын айтуға келгенде алдымызға жан салмай, бірімізден біріміз қалмай, жазып жатамыз кеп, жазып жатамыз.

Уағдал жетіңіз жылдыдағы сұмдық! Ұялы телефондығыңа келді ме бітті, бірінші ұялы телефондымыз тіркелген топтарға, одан әрі жекелеген адамдарға

оқиганың қаншалықты рас, өтірігіне мән бермей таратамыз. Жамандыққа жәрдемші болып, ұялы телефондығыңа келген видеоларды немесе ақпараттарды таратып, артынан соның салдарынан тағы да бір жазықсыз жамандыққа кәсіпкер жасауыңа, зардап шегуіңе себепкер болып жатқанымызды байқамаймыз да. Негізінен біреудің кемшілігін көріп, оны тарту үлкен күнә. Жамандығын айтып жар салғанша жақсылығын айтып, жақсылықтың насихаттап, жақсылықтың өркендеуіне үлес қоссақ, сауапты іс болары анық. Осы шектен тыс жазғыштық та, таратушылық та балаларымыздың психологиясына кері әсер беріп, түрлі қылмыс жасауына өзіміз бір сапарды қоспай кей ме? Сіз қалай ойлайсыз? Ел ішіндегі жаңалықтардан жалпы жұртты хабардар ету керек шығар, десе де оның бір өлшемді болуы керек секілді. Осы орайда біреудің кемшілігін, не қателігіне күліп қарап, жамандыққа жәрдемші болғанша, өз бойымыздығы қателіктерімізді түзеп, бала-шағамыздың төрбесіне көбірек мән берейік.

Анар НҰРАЛИЕВА,
Қызылорда қаласы



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысымен «Ауыл жастарын әлеуметтендіру» әлеуметтік жобасы аясында «Ая-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігі облыстық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп отырып, «Брейн-ринг» интеллектуалды сайысын ұйымдастырды.

Сайыста «ҚазгерМұнай», «ҚорМұнай» компаниясы, облыстық жастар денсаулық орталығы, облыстық медицина орталығы және Қызылорда жеті жепі компаниясының (ҚРЭК) командалары бақ сынады. Сайыс қорытындысы бойынша облыстық жастар денсаулық орталығы жеңіп атанса, II орынға облыстық медицина орталығы тартылды. «ҚорМұнай» компаниясының командалық III орынды қанағат тұтты. Интеллектуалды сайыста үздік деп танылған жастарға арнайы марапаттау қағазы мен қаржылай сыйлық табысталды.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылып жатқан «Жастар жырлайды» жазба ақындар айтысының төртінші жұбында Шиелі ауданының ақындары бір-бірімен жүп болды. Ендеше Шыңғыс Құдайберген мен Бекжан Ержігіттің айтысын назарларыңызға ұсынамыз.

Шыңғыс Құдайберген:
Жылытар ел бар еді тонсақ
талай,
Сейлейік ар-ұяттан алшақтамай
Қос ішекті жаным серік қылып,
Қала кезіп айтқан бал
шақтар-ай,
Ассалаумағалейкум, армысыздар!
Қалың елім қиулап қол
соққаны-ай,
“Ақмешіт жастарына” мың рақмет,
Карантинде кесіліп жөн
шалқаны-ай,
Айтыстың дәмін алсын деп
біздерді
Смартфон сипалатып
тамсантаңы-ай,
Қақпандағы қасқырдай ақындарға
Ақпандағы қой етін аңсатқаны-ай,
Сөзден сөңдеп салғандай бабам
мүсін
Ендеше ұсынайық жарамдысын.
Ассалаумағалейкум, Бекжан
досым,
Бізді де дос, бауырға
санармысың?
Сен өзі сегіз қырлы жігіт ең гой
Сөзіміз шартарапқа таралды
шын.
Ауыл клубындағы қызметің бар,
Мәдениетке жарамды
маманбысың?
Айтыс пен мушайрадан бой
көрсетіп,
Еліңнің алып жүрсің бар алғысын.
Балуан Шолақ атаңдай
белдескенде
Қарсыластар қазықтай қадапты
шын.
Мал алып сатуды да кесіп
қылдың,
Дүние деген кезде табандысың.
Ол аз десең құрылыста қолың
жүріп,
Бағаның қойып қойдың
жоғарғысын.
Біз білмейтін тағы қандай өнерің
бар?
Халыққа айтып отыр хабарды
шын
Әмбебап ақынға сөз берейін,
Ойыңның жеткіз бізге орамдысын.
Азық-түлік қымбаттады дегенді
естіп
Картоп сатып жүргеннен
аманбысың?

Бекжан Ержігіт:
Беймәлімдеу болса да атың әлі,
Біздің Шыңғыс сөйлесе қатырды.
Газеттің бетін шимай-шимай
қылдың,
Шаңдаттып шаппаған соң сахнаны.
Айтыссам Алла берген талантым
бар,
Қанжар тіл тиген жерін жапырады.
Балуан болсам нағашым
Иманжүсіп,
Ақын, сері, өзі өнші, батыр әрі.

Қолымнан іс келген соң ұста
болсам,
Еңбекпен жайқалады ер
жапырағы.
Мал баққаннан меніңше айыбы
жоқ,
Бұл неге сұйық сөзін сапырады?
Жабайы жылқы үйреткен
бабаларым,
Біздерге жылқы бағу не тұрады?
Өткеніне қарамай өктем сөйлеп,
Жанылды-ау Ақмаңғың ақымағы.
Картоп сатып пайдаға кенелгем
жоқ,
Сөбізден қолым тимей жатыр әлі.
Ұстаз болып келесің ептеп, міне,
Қадіріңе әлі ел жетпейті ме?
Ұлтыма тұтқа десем, Бұл үкімет,
Қол шоқпар ғып алды ма мектепті
де?
Вакцинасыз сабақты бере
алмайсың,
Салдырмаған адамды шеттетті
ме?
Айтыста ойынды анық
жеткізгейсің,
Кеңірдектен аса алмай көк кетті
ме?
Мектепте осы күні білім емес,
Тек вакцина маңызды бол кетті
ме?!

Шыңғыс Құдайберген:
Екпені еркінсіз-ақ салам деп тұр,
Салмасаң жұмысыңнан қағам деп
тұр.
Айнымалы төкпелі күн келер деп,
Бабалар болжап кеткен заман
көп тұр.
Жүрсе де жоқ аурудың емін іздеп,
Басшылардан ойым жоқ сенім
үзбек.
Қара басым халқымаң артық
емес,
Басымды алып қашатын жөніміз
жоқ.
Тірі адам тіршілігін жасайды гой,
Аман болса қайтесің кебін іздеп.
Ел қатарлы біз де екпе
салдырармыз
Медбикеге ауыртып егізің деп.
Жұмыстан да айырылғым
келмейді гой,
Сен сияқты саудаға ебіміз жоқ.
Ұлы елге ұя болған далам ізгі,
Сол даламаң табамын мол
анызды.
Мен өзіңе бір сұрақ қояйыншы,
Салмақ салып сынап көр
санаңызды.
Хрущев бес облысты алмақ
болып,
Тырнапты іріңдеген жарамызды.
Түркіменге түгелмен берем депті,
Мұнайлы Маңғыстаудай
даламаңызды.
Шыдамай Хрущевқа қарсы
шығып,
Депті гой батырыңыз қараңызды.

Сол кезде Маңғыстау мен қоса ап
қапты,
Солтүстікте бес бірдей
қаламызды.
Алашым ешқашанда ұмытпайды
Даласын сақтап қалған өр
абызды!
Білесің бе аюға қарсы шыққан
Қаһарман қасқыр мінез
бабамызды?

Бекжан Ержігіт:
Танымасам тықшы әкеп саныма
біз,
Қазақты ойлап қиыпты жанын
абыз.
Жер асты байлығыңды сақтап
қалған,
Ташеновтің алғыс дейік барына
біз.
Атасы қалдырғандай сатып
жатқан,
Қазіргі күйден қайтып арыламыз.
Жұмабектің ерлігі ел билесе,
Жабырқаймыз, қайғырып,
қамығамыз.
Мұнай қазған өлке емес
Ташеновке,
Құдай деген қазақтың бәрі қарыз.
Қуантқан қазақтың қағанатын,
Азаттық ең қымбат күн
саналатын.
Бағасына жетейік байтақ елдің,
Шығармай жер жағанға жаман
атын.
Ер болсаң – тию керек елге
пайдаң,
Бай болсаң – болу керек
қанағатың.
Тәуелсіздік – сен қымбат
байлығымың.
Сөзімді теріс демес жамағатым.
Мәңгі естен шығармауға тиістіміз,
Қан кешкен бабалардың
аманатын.
Алғысын алады ұстаз мың кісінің,
Шебері бол қалықтар жыр
құсының.
Ташеновтің талайын тәрбиеле,
Қызыл тілің болсыншы ілгіш інім.
Оқушының барлығы озат
шықсын,
Қалғанын қаламаймын бір кісінің.
Дәулетің асып-тасып аман жүрші,
Дәулетұлы дүр ақын, Шыңғыс інім.

Шыңғыс Құдайберген:
Ер қадірі қашпайды
Сөзің болса салмағы.
Жер қадірі қашпайды,
Бапты білсе бағбаны.
Қазақтың бағы азаттық
Қайғысыз батқан түнімен,
Тыныш атырған тандары.
Ұлтыма зауап келгенде,
Ұл-қызың болып шерменде
Батырларды іліп ақетті,
Ажалдың алғыр қармағы.
Қайраттар қайраттанбаса,

Ләззаттар лаулап жанбаса,
Орысқа отар болушы ең,
Намыстың сеніп шамдары.
Қаһарын төгіп өрт болған,
Отаным үшін мерт болған,
Пейіште мәңгі шалқысын
Боздақтардың аруағы.
Тәуелсіздік мәңгі бол,
Талай елдердің алды бол,
Ұлы ел болсын бұл қазақ
Ұлықтап мәңгі Алпаны.
Байрағы тік бол жұрттыңмын
Айдары болсын ұлтымын.
Әліхандар аңсаған,
Алашорданың арманы.
Бауырым мәре қияр торы
аттайсың,
Қойнауға мың қайнаған
болаттайсың.
Бұл түріңмен сауда мен
құрылыста,
Шаңына өзбектерді жолатпайсың.
Осымен бұл айтысты аяқтайсың,
Өлі талай ауылға қонақтайсың.
Бекжандай тәуір бауыр сен, аман
бол,
Сөйлесе орып түсер орақтайсың.
Тұрмағамбет бабамдай тура
сөйлеп,
Нартай бол елді аузына
қаратқайсың.
Әліхандай ұлтыңа ұран тастап,
Міржақып бол қазақты оятқайсың.

Бекжан Ержігіт:
Қатпарлы тарихымнан көш ап
жатқан,
Егеменді ел болдық ошақ жаққан.
Тілегіңе рақмет, жан бауырым,
Пейіліңе көңілім босап жатқан.
“Ақмешіт жастары” басылымы,
Айтыстай арда өнерді қашап
жатқан.
Тәуелсіздік тұғырын төмендетпей,
Ақындардың өлеңін асап жатқан.
Алғысым шексіз еді ұқымына,
Мейрамы көп болсыншы шашақ
жаққан.
Жазба айтысты дәріптеп жалпақ
жұртқа
Жаңғырудың көкесін жасап
жатқан.
Інім, төмендемесін топта бәсің,
Ашылып жыр айтуға оқталасың.
Тәуелсіз ел болуға талай ерлер,
Тәуекел деп тігіпті оқа басын.
Тар кезденді өткенбіз сенбегендер,
Тарихымның тақтасын көп
қарасын.
Сол жылдарды жыр қыл деп
айтыстырған,
Газетке алғыс айтаң бол
қаласың.
Ақмешіт жастарының басылымы,
Оқырман аз болды деп
жоқтамасын.
Газеттің де ғұмыры ғасыр асып,
Батыстан күн шыққанша
тоқтамасын.

ЗЕКЕТ – БЕРЕКЕ КІЛТІ

Зекет дегеніміз – дәулетті жандардың жылына бір рет өз байлығының белгілі бір мөлшерін кедей-көпшіктерге көмек ретінде беруі. Зекет парыз болуы үшін кісінің күнделікті тіршілікте қолданатын негізгі қажеттілігі мен қарызынан тыс, нисап мөлшеріне жететін байлығы болуы қажет.



Нисап дегеніміз – Пайғамбарымыз (с.а.у.) белгілеген байлық деңгейі. Нисаптың көлемі алтын, күміс, мал, сауда заттары, бау-бақша мен егін өнімдеріне жаратын әртүрлі болып өзгереді. Қасиетті Құран Кәрімде Алла Тағала: «Және намазды (дұрыс болу шарттарына сай етіп) оқыңдар, әрі зекет беріңдер» деп бұйырған («Бақара» сүресі, 43-аят).

Зекеттің парыз екені Құранның 82 жерінде намазға етене жақын айтылған. Бұл аяттар намаз бен зекеттің бір-бірінен еш ажырағысыз дін негізі екенін айқындайды. Негізінде Құран Кәрімнің зекет жайлы кейбір аяттары мекемелік кезеңде түсө бастаған. Осы аяттарда баяндалғанды, бұл парыз байлықтарының белгілі аз ғана мөлшерін кедейлерге беруі тиіс. Өйткені сол уақытта кедей мұсылмандардың көптігі және олардың үнемі мүшкірлердің жөбіріне ұшырауы сияқты жағдайлар кезінде зекет оларды қорлықтан құтқаруы бірден-бір жолы болған. Сондай-ақ Хақ елшісі (с.а.у.) «Ислам бес негізге: Алладан басқа Тәңір жоқтығына әрі Мұхаммед Алланың елшісі екеніне

күлкі етуге, намазды атқаруға, зекет беруге, Рамазан оразасын ұстауға және Қағбаға қажылық жасауға құрылған» деген.

Зекет – Ислам діні үстіне орнықан бес негізгі тіректің бірі. Алла Тағала Ислам шариғатына зекет парызын хижраның екінші жылы шәууал айында, Рамазан оразасы мен пітр садақасынан кейін Мадинада енгізді. Зекет беру мұсылманның жан дүниесін сарандық пен ашкөздік дертінен құтқарады. Алла Тағала бұған қатысты келесі мына бір аятта былай дейді: «Ей, Пайғамбар! Олардың малдарынан садақа ал! Бұл оларды құнсынан арылтты, жан дүниесін тазарту үшін қажет» («Тәубе» сүресі, 103-аят).

Мадина кезеңінде зекет ресми түрде бекітіліп, мемлекет қазынасының негізгі тірегіне айналған. Зекет әр жылдың соңында Пайғамбарымыз (с.а.у.) тағайындаған қызметкерлер тарапынан жиналып, қажетті жерлерге жұмсалған. Ал бұл қажетті жерлер – Құранның белгілеуі бойынша, кедей-көпшік, түгі жоқ міскін, зекетті жинауға тағайындалған

адамдар, құлдарды азат ету, қарызға батқандар, Алла жолындағылар және ақшасы жолда қалған жолаушылар. Алла елшісі (с.а.у.): «Мал-мүліктеріңді зекеттен қорғандар!» деген зекет беру мал-мүлік нығмыты үшін шүкір ету болып саналады. Алла Тағала Құранда шүкіршіл пенделеріне берерін арттыра түсетінін айтқан. Бұған қоса мал-мүлікті арам көзден, көре алмаушыдан, ұрыдан, ит-құстан қорғап тұрады. Оның кедейге берілуі арқылы мұсылманның барша малына береке қонады. Хақ елшісі (с.а.у.) хадисінде: «Ешбір пенденің мал-мүлігі садақа беруден кеміген емес» дейді. Демек осы уақытқа дейін зекеттің берген пенделердің мал-мүлігі зекет беру салдарынан кемімейді. Керісінше зекет берушілердің мал-жаны берекеге кенеліп, арта түскен. Зекет пақырлар мен мұқтаждарға өз көмегін тигізеді. Өздеріне берілген зекет тығыммен олар шаруаларын аяғына тұрызып алады. Қоғам қайыршылық дертінен аман болады.

Қатарбай ТӨЖІБАЕВ,
«Айшабиі» мешітінің имамы

МІНЕ, ҚЫЗЫҚ!

МАСАНЫҢ БІЗ БІЛМЕЙТІН СИПАТТАРЫ

Жуырда ғалымдар масаны 400 мың есе үлкейтіп көрсететін микроскоппен зерттеді. Нәтижесінде масаның басында 100 көзі, 48 тісі бар екенін және үш жүрегі: біреуі ортаңғысы да, әр қанатында тағы бір-бір жүректен бар екенін анықтапты. Әр жүрегінде екі клапан мен екі асқазаны болады екен. Құста кездесе бермейтін жылу сезетін органы да бар. Ол организм бір нәрсенің түр-түсі мен денесін көре алмайды, тек содан шығатын жылуды сезеді. Мысалы, бөлменің іші 5 градус қана жылы болып, ол бөлмеде дене қызуы 36-37 градусқа жеткен бала жатса, маса тек баланы ғана көреді. Масаның қанды қашықтан тексеріп көретін, қанға сараптама жасайтын мүшесі де бар.



Тесекте екі адам жатса, ол қаны ұнамайтын адамды жасайды, қасында жатқан адамға барып қонады. Масаның қанды сұйытатын қасиеті де бар екенін айта кету керек. Адамның қаны қою болады. Ол қан өзі кіп-кішкентай масаның одан да жіп-жішкесі «тұмсығынан» өте алмайды. Сондықтан ол қанды адамның сұйытып алып, содан

кейін сора бастайды. Шағатын кезде бірдіртпей үшін маса алдымен ауырсындығанды басытын «күл» салып алып, сосын қанды сорады екен. Ол «қуолдың» құш маса әбден қанға тойынғанша тарқамайды екен. Айтпақшы, Құранда бұл туралы: «Алла Тағала масаны не басқа бір нәрсені сендерге мысал етіп көрсеткеннен әсте ұялмайды!» деген.

СҰРАҚ – ЖАУАП

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

АФФИРМАЦИЯ ЖАСАУ ДҰРЫС ПА?

Аффирмация – латын тілінде «бекіту, растау» деген сөзге саяды. Яғни психологиялық тұрғыда «Мен бақыттымын, баймын, жан-дүнием сау, зәулім үйім бар» деген сияқты сөздерді күнделікті бірнеше рет қайталау арқылы өзін-өзі сендіру, иландыру, санасында сол ойды орындалғандай етіп бекіту.

Бүгінде аффирмацияны айтуға насихаттап жүрген психологтар «Аффирмация жұмыс жасау үшін оған 100 пайыз сену керек. Әр арман-мақсатың орындалғандай нақты сеніммен айту шарт деп үйретеді. Сонымен қатар «Іінде жасылық тілеу бар, жақсылықтардың барлығын бір Алла беретініне сенеміз» дегендей шариғатпен байланыстырылғанды да келеді. Аффирмация 100 пайыз иланып, көп қайталаумен тілегің қабыл болады, оны дұрыс жасасаман тілегің қабыл болмайды деу шариғат негіздеріне сай келмейді. Себебі Алланың қалауынсыз ешнәрсе жүзеге аспайды. Өзінен себепті ұстанбау ақыматтық, бірақ сол себепті өздік бір нәрсені болдырады деп сену күпірлік. Сондықтан әрбір істе әуелі Аллаға сүйену керек. Құранда Алла Тағала: «Қандайда бір іске белі бусаң, Аллаға сүйен! Алла сөзісі өзіне сүйенгендерді жақсы көреді». Басқа бір аятта: «Саған ғана құлшылық етеміз және Сенен



ғана жәрдем тілейміз» деп бір Өзінен ғана тілеуге шақырған. Әнас ибн Малик (р.а) жеткізген хадисте, пайғамбарымыз (Алланың ақи игілігі мен сапемі болсын): «Сендердің біреулерің қақтаттарын Раббысынан сұрасын, тіпті үзіліп қалса, аяқ киімінің бауын да Одан сұрасын» деп, базарда толып тұрған баудың өзін Алладан ғана сұрауға шақырған. Олай болса нәплеттен шариғатымызда негіз жоқ, көше ғана пайда болған тұжырымдарды қолданбауымыз? Құдсиді хадисте Алла Тағала: «Кім менен сұраса, оған беремін...» деген. Ендеше не сұрасақ та, не қажет болса да, бір Алладан ғана сұрап, екі бүйірімізді жығарайық, Алла баршамыздың тілеуімізді берсін!

Женіс ӘБІСҮЛЛАУЛЫ,
Қызылорда облысы бойынша
пәтуға жауапты маман

МЕЙІРІМДІ КІРПІ

Орманда бір кірпі тұратын еді. Бүкіл жануарлар кірпімен дос болғылары келмейтін. Қасына жақындап кетсек, жарқақатанып қаламыз деп қорқатын. Сол себептен онымен ойнауды жөн көрмейтін. Мұңайған кірпі күндерін жалғыздықпен өткізетін.



Күз келді. Ормандағы жан-жануар қысы дайындығы бастады. Суық күндерде аман болу үшін азық жинауға кірісті. Солардың бірі – сұр қоян еді. Орман жақта бір егістікке сәбіз өсетін. Сұр қоянның сол егістіктен сәбіз жинағанына бірнеше күн болды. Күнне екі рет сәбіз жинауға шығып жүрген қоян ініне бір күнде төрт сәбізден өкелетін. Алтаның әр сәбіз күні көше сұр қоян жинаған сәбізін санайтын. Жиналған сәбіздердің жалпы саны жиырма төрт болу керек еді. Санаса, он сегіз ғана бар екен. Қалған алтауы қайда екенін таппай уайымға салынды. Сұр қоян ұялыға кетті. Келесі күні сәбіз жинап келген соң тағы да санаймын ғой деп ойлады. Таң ата сұр қоян сәбіз жинауға тағы шықты. Барлық санаған сәбіздерінің саны жиырма сегіз болды. Сұр қоян бұған таңғалып қалды. Сәбіздерінің бәрін орында тұр екен. Бұл қалай болғаны? – деп ойлады. Осылайша әр апта сайын қайталап отырды.

Күндердің бір күні сұр қоян туған күнін жасау үшін барлық жан-жануарды қонақа шақырды. Басқа да ормандардан көптеген аң-құстар, жәндіктер жинала бастады. Сұр қоянның туған күніне тек кірпі шақырылмаған екен. Мұны естіген кірпі сұр қоянға тосын сый жасамашы болды. Оған арнап жаңа үлгідегі кеудеше сатып алды. Осылайша кірпі сұр қоянның елгін қатты. Оны көрген сұр қоян:

– Осы кім шақырды? Елге тиер пайдан жоқ, сен бізбен қалай дос болмашысың? – деп есікті жауып алады.

Көзіне жас толған кірпі өңсесі түсіп үйіне келді. Оның бәр арманы ошылды деп ойлады. Кірпіге енді бұл арманы орындамайтын болып көрінді. Күндер, апталар өтті. Сұр қоянның жоғалған одан ары жоғала берді. Бір қызығы, жоғалған сәбіздер қайтадан өз орнына келіп отырды. Бір күні сұр қоян демалу үшін достарымен серуенге шықты. Алаңдарынан басқа көтеріп жүгіріп келе жатқан кірпіні кездестірді. Сонда сұр қоян:

– А-а, бәлем, сен ененің ғой, менің сәбіздерімді ұрлап жүрген? Қалайша білгеніңің? – деп кірпіден сәбізін тартып алды. Мұны естіген кірпі не дерін білмеді. Осылайша жылап қалған кірпі тіккеніңді қоянның достарының кірпі тіл кеткенін байқайма қалды.

– Не деген сұмдық! Осында кейін сенімен қалай дос боламыз? – деп айқай жаңды қояндар. Кірпі үйіне қарай жүгіре жөнелді. Сұр қоян достарын ініне шақырды. Інге жақындап қалған кезде олар алаяқ түлікті көрді. Оның қолында сұр қоянның жинап жүрген сәбіздері бар екен. Алаяқ түлігі қана жөнелді. Сол кезде ғана сұр қоян кірпінің көрінісін көмектестірген жүргенін түсінді. Ол істеген қылығы үшін қатты қырылды. Осылайша кірпінің үйіне кешірім сұрап, оған болған жайтты бәрін түсіндіріп, достарымен достасу үшін қол алысты. Осы күннен бастап кірпі «мейірімді кірпі» деген есім берілді. Кірпі «орман сақшысы» деген атақ алды.



Қуаңшылық табиғи жағдай екенін біріміз білеміз. Бұл процесті болдырмауға адамзаттың күші жетпесі анық. Бірақ бізде жүйелі және көпшілік жұмыс жүргізілмейтіні байқалып қалды. Себебі, Маңғыстау облысында құрғақшылық өткен жылы-ақ күшейіп, шаруа қожалықтарына қатты әсер еткен. Мысалы, бытыр өңірде 5 мың мал қырылған. Статистика бойынша, қазір облыста орта есеппен 80 мыңнан астам түйе, 29 мың ірі қара, 123 мың жылқы, 600 мың қой-ешкі бар екен. Шаруалар алдағы уақытта бұдан да күрт азайып кету қаупі төніп тұр деп дабыл қағып жатыр. Себебі соңғы үш ақ айда қуаңшылықтан 1400 бас мал қырылып қалған. Тіпті жаңа туған телдің де көбі арам өлген. Осылайша жылқының 15, қойдың 14, ал түйенің 4 пайызы шығып болды. Оған тіркеу алынбаған төрт түліктің өлім-жітімі қоссақ, көрсеткіш еселей түсуі мүмкін. Одан бөлек, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Атырау облысы фермерлері жем-шөп жоқ, мал азығы қымбат деп дабыл қағуда.

Елдегі қымбатшылық, жер-жердегі қуаңшылық пандемиядан есін әзер жиян халықты зүреге салуда. Тіпті қуаңшылықтан елге жұт келді деп жатқандар бар.



Алмасбек САДЫРБАЕВ,
Ұлттық мал өсірушілер
қауымдастығының
төрағасы

— Елімізге жұт келді. Оны мойындау керек. Статистика бойынша Маңғыстауда 1447. Қызылордада 492 мал қырылған деген ақпарат берілуде. Бұл ресми ақпараттың ел-жерді аралау барысында жалған екеніне көзім жетті. Мысалы, Арал ауданының бір ауылдың өзнен 500 бас мал қырылғанын анықтап бере аламын. Қалған малды тұрғындар арзан бағада өзбектерге сатуда. Басқа амалдары жоқ, Негізінде аудан көлемінде ғана төтенше жағдай жариялау жеткілікті. Алда тағы осындай жағдайға ұрынбау үшін Маңғыстау өңіріндегі мұнай компанияларын ар аудан, ауылға ұнғызма қазуға міндеттеу керек. Өйткені Маңғыстау мен Қызылордада үшінші жыл қатарынан қуаңшылық орын алды. Әскери техниканы пайдаланып, малды шөбі бар өңірге жалпы жұмыс іздүру керек, — дейді Ұлттық мал өсірушілер қауымдастығының төрағасы Алмасбек Садырбаев.

Рас, Арал ауданында 500-ден аса мал қырылған. Қызылорда облыстық мал шаруашылығын дамыту бөлімінің басшысы Арстан Омаров мемлекет есебіне тіркелмеген яғни сығарса жоқ мал статистикаға кірмейтінін айтты.

